**Табиғи монополиялар (әуежайлар мен аэронавигация қызметтері) салаларындағы субъектілердің және баға белгілеу тәртібінің және қоғамдық маңызы бар нарық ( әуежайлар қызметтері) субъектісі міндеттерінің сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 30 қарашадағы № 665 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2022 жылғы 30 қарашадағы № 103 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 желтоқсанда № 30870 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141 және 143-баптарына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Табиғи монополиялар (әуежайлар мен аэронавигация қызметтері) салаларындағы субъектілердің және баға белгілеу тәртібі мен қоғамдық маңызы бар нарық (әуежайлар қызметтері) субъектісі міндеттерінің сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес табиғи монополиялар (әуежайлар мен аэронавигация қызметтері) салаларындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес баға белгілеу тәртібінің және қоғамдық маңызы бар нарық (әуежайлар көрсететін қызметтер) субъектісі міндеттерінің сақталуына тексеру парағы бекітілсін.

2. "Табиғи монополиялар салаларындағы (әуежайлар мен аэронавигация қызметтері ) және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібінің және міндеттерінің сақталуын тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 мамырдағы № 297 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 40 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20718 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

| | |
|---|---|
| **Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. __________Т. Жаксылыков** | **Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушы __________А. Идырысов** |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
м.а. 2022 жылғы 30 карашадағы
№ 103 мен
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрі міндетін атқарушының
2022 жылғы 30 карашадағы
№ 665 бірлескен бұйрыққа
1-қосымша

**Табиғи монополиялар (әуежайлар мен аэронавигация қызметтері) салаларындағы субъектілердің және баға белгілеу тәртібі мен қоғамдық маңызы бар нарық (әуежайлар қызметтері) субъектісі міндеттерінің сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 27.06.2023 № 467 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.06.2023 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы табиғи монополиялар (әуежайлар және аэронавигация қызметтері) салаларындағы субъектілердің және баға белгілеу тәртібі мен қоғамдық маңызы бар нарық (әуежайлар қызметтері) субъектісі міндеттерінің сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы

Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабы 5 және 6 тармақтарына, "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 256 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18608 болып тіркелген) және "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және " Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

2) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

3) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

4) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

5) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективтік өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективтік өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел

дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату процесі;

8) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерін бұзулуына алып келетін талаптар тізбесі;

9) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылаудың нақты саласында бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

3. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

**2-тарау. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі**

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерін ( объектілерін) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (Шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар жөніндегі бақылау субъектілерін ( объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызылады:

1) жоғары тәуекел;

2) орташа тәуекел;

3) төмен тәуекел.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында бақылау субъектісіне ( объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар жөніндегі бақылау субъектілерін ( объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызылады:

1) жоғары тәуекел;
2) орташа тәуекел;
3) төмен тәуекел.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

5. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

Бұл ретте өрескел, елеулі және болмашы бұзушылықтарды айқындау тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында тиісті мемлекеттік бақылау саласының ерекшелігі ескеріле отырып белгіленеді.

Бұзушылық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) субъективті өлшемшарттар бойынша өрескел, елеулі, болмашы бұзушылықтардың белгіленген анықтамаларына сәйкес беріледі.

Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі осы өлшемшарттарға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес белгіленеді.

**1-параграф. Объективті өлшемшарттар**

6. Табиғи монополиялар (әуежайлар қызметтері) салаларында және қоғамдық маңызы бар нарықтарда (әуежайлар қызметтері) тәуекелдің жоғары дәрежесіне әуежайда қызмет көрсетілген жолаушылар саны жылына 500 (бес жүз) мың және одан көп адам болған кезде табиғи монополиялар субъектілері (әуежайлар) сондай-ақ екі және одан көп облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумағында аэронавигация саласында реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын табиғи монополиялар субъектісі жатады.

Табиғи монополиялар (аэронавигация қызметтері) салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесіне 2 (екі) және одан да көп облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумағында реттелетін қызмет көрсететін табиғи монополия субъектісі жатады.

Табиғи монополиялар (әуежайлар қызметтері) салаларында және қоғамдық маңызы бар нарықтарда (әуежайлар көрсететін қызметтер) орташа тәуекел дәрежесіне әуежайда қызмет көрсетілген жолаушылар саны жылына 100 (бір жүз) мыңнан 500 (бес жүз) мың

адамға дейін болған кезде табиғи монополиялар субъектілері (әуежайлар қызметтері) жатады.

Табиғи монополиялар (әуежайлар қызметтері) салаларында және қоғамдық маңызы бар нарықтарда (әуежайлар қызметтері) төмен тәуекел дәрежесіне әуежайда қызмет көрсетілген жолаушылар саны жылына 100 (бір жүз) мың адамға дейін болған кезде табиғи монополиялар субъектілері (әуежайлар қызметтері) жатады.

7. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жиілігін жоғары және орташа тәуекел дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жылына екі реттен жиілетпей айқындайды.

**2-параграф. Субъективті өлшемшарттар**

8. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

9. Бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау қажет.

Ақпаратты жинау және өңдеу процестері толық көлемде автоматтандырылады және алынған деректердің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көзі пайдаланылады:

бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері.

10. Осы өлшемшарттардың 9-тармағында көрсетілген қолда бар ақпарат көздерінің негізінде талдауға және бағалаула жататын субъективті өлшемшарттарды бойынша деректерді қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

11. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және осы өлшемшарттардың 3-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің

көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы өлшемшарттардың 3 және 4 қосымшасына сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес, мемлекеттік бақылаудың тиісті саласының ерекшелігі ескеріле отырып, реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленеді.

Субъективті өлшемшарттардың көрсеткіштері мемлекеттік бақылаудың әрбір саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) әрбір біртекті тобы үшін айқындалады. Субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы бойынша үлес салмағы мемлекеттік бақылаудың әрбір саласындағы бақылау субъектілерінің ( объектілерінің) әрбір біртекті тобы үшін тәуекелді бағалаудағы көрсеткіштің маңыздылығына байланысты айқындалады. Субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің жол берілетін мәндері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен регламенттеледі.

**3-параграф. Тәуекелдерді басқару**

12. Адал бақылау субъектілерін көтермелеу және бұзушыларға бақылау шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау субъективті өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуден босатылады.

13. Субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне ( объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату жағдайлары айқындалған болса;

3) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса ауыстырылады.

14. Кодекстің 141-бабының 10-тармағына сәйкес реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесіне (қатысушысына) мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы жасалған келісімді ескере отырып, жеңілдететін индикатор ретінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында осындай мүшеліктің (қатысудың) болу фактісін ескереді.

15. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату мақсатында реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар жеңілдететін индикаторларды ескереді.

Жеңілдететін индикаторларға:

1) деректерді онлайн-режимде беретін аудио және (немесе) бейне жазбалардың болуы;

2) деректерді мемлекеттік органдар жүйесіне беретін датчиктер мен басқа да бекіту құрылғыларының болуы (су датчиктері, атмосфераға шығарындыларды тіркеу датчиктері) жатады.

Бұл ретте бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босатуды олар бойынша деректер жеңілдететін индикаторларда көрсетілген тәсілдермен алынған талаптар бөлігінде жүзеге асырады.

16. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осындай негіздер көзделген болса, реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес тәуекелдерді бағалау мен талдаудың, аудиттің, сараптамалардың қолданылатын баламалы (тәуелсіз) жүйелері негізінде бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату мүмкін болады.

**4-параграф. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ерекшелік пен құпиялылық ескеріле отырып, ақпараттық жүйелерді пайдаланатын мемлекеттік органдарға арналған тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері**

17. Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

**3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің есептеу тәртібі**

18. Осы өлшемшарттардың 4-тармағына сәйкес бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Мемлекеттік орган осы өлшемшарттардың 9-тармағына сәйкес көздерден субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және деректер базасын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы өлшемшарттардың (SC) 11-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапозонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

Rарал = SP + SC, мұнда

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы өлшемшарттардың 11-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылаудың әрбір саласының бақылау субъектілерінің ( объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің ( объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын ( іріктемені) құрайды.

19. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы өлшемшарттардың 9-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне ( объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

SPз = (SP2 x 100/SP1) x 0,7, мұнда

SPз – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

SPн = (SP2 x 100/SP1) x 0,3, мұнда

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

SP = SPз + SPн, мұнда

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SPз – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

20. Осы өлшемшарттардың 11-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^{n} x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

xi – субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

wi – субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы xi,

n – көрсеткіштер саны.

Осы өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

21. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{пром} - R_{min}}{R_{max} - R_{min}},$$

R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

Rmax – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

Rmin – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

Rpaрал – осы өлшемшарттардың 18-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

Табиғи монополиялар
(әуежайлар мен аэронавигация
қызметтері) салаларындағы
субъектілердің және баға
белгілеу тәртібі мен қоғамдық
маңызы бар нарық (әуежайлар
қызметтері) субъектісі
міндеттерінің сақталуына
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

**Бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде Табиғи монополиялар субъектілердің (әуежайлар мен аэронавигация қызметтері) талаптарын бұзу дәрежесі**

| **№** | **Талаптардың атауы** | **Бұзушылық дәрежесі** |
|---|---|---|
| 1 | Бекітілген тарифтік сметаның орындау туралы талапты сақтау | Өрескел |
| 2 | Бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау туралы талапты сақтау | Өрескел |
| 3 | Тарифті бекіту туралы ақпаратты ол қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей тұтынушының назарына жеткізу | Болмашы |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу туралы талапты сақтау | Болмашы |
| 5 | Үлгі шарттарға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне тұтынушылармен жеке шарттар жасасу туралы талапты сақтау | Елеулі |
| 6 | Тұтынушыларды тариф, оның өзгеруі туралы хабардар ету туралы талапты сақтау | Болмашы |
| 7 | Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің әрбір түрі бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізудің әзірленген және бекітілген әдістемесінің болуы туралы талапты сақтау | Болмашы |
| 8 | Реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну және қайта ұйымдастыру немесе тарату үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға уәкілетті органның келісімінің болуы туралы талапты сақтау | Өрескел |
| 9 | Тариф бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну бойынша талапты сақтау | Өрескел |
| 10 | Тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметке қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну туралы талапты сақтау | Өрескел |
| 11 | Реттеліп көрсетілетін қызметтің талап етілетін көлемін беру үшін қажетті табиғи монополия субъектісінің бос және қолжетімді қуаттары, орындары болмаған жағдайларды қоспағанда, тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметке қол жеткізу туралы талапты сақтау | Өрескел |
| | Тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну басталған күннен бастап | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу туралы, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну тоқтатылған кезде одан алып тастау туралы күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей өтінішпен уәкілетті органға жүгіну жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 13 | Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі қолданыла отырып тариф бекітілген кезде жыл сайын, есепті кезеңнің 1 мамырынан кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органға, есепті жылда нақты қол жеткізілген кірістер, шығыстар, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы, табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерді ұсынуға қойылатын талапты сақтау | Болмашы | |
| 14 | Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыруы туралы уәкілетті органға қызмет жүзеге асырылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберілген хабарламаның болуы туралы талапты сақтау | Болмашы | |
| 15 | Мерзімді баспасөз басылымында жария тыңдауларды өткізу күні мен орны туралы хабарландыруды жариялау туралы талапты сақтау, сондай-ақ жария тыңдауларға қатысушылардың талап етуі бойынша ұсыну:<br>1) тарифтің және тарифтік сметаның жобасы;<br>2) экономикалық негізделген есеп-қисаптармен бірге тарифтің өзгеру себептері туралы ақпаратты ұсынуға міндетті | Елеулі | |
| 16 | Бос қуаттар туралы ақпарат бергені үшін ақы алмау туралы талапты сақтау | Елеулі | |
| | Тұтынушылар алдында есеп жүргізгенге дейін бір ай бұрын | | |

| | | |
|---|---|---|
| 17 | уәкілетті органды хабардар ету туралы талапты сақтау | Болмашы |
| 18 | Тұтынушылардың талап етуі бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтің тарифі, сапасы, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну шарттары туралы ақпарат беру туралы талапты сақтау | Елеулі |
| 19 | Алдағы есепті өткізу туралы хабарландыруды табиғи монополия субъектісі тіркелімнің республикалық бөліміне енгізілген – аптасына кемінде бір рет шығарылатын және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында оны өткізгенге дейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жариялау туралы талапты сақтау | Елеулі |
| 20 | Тариф, оның өзгергені туралы ол қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей уәкілетті органға хабарлау туралы талапты сақтау | Елеулі |
| 21 | Тоқсан сайын резерв, табиғи монополия субъектісінің бос және қолжетімді қуаттарының, сыйымдылықтарының, орындарының болуы туралы ақпарат табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсында орналастыру не ол болмаған жағдайда уәкілетті органның интернет-ресурсында орналыстыру үшін жолдау туралы талапты сақтау | Болмашы |
| 22 | Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісінің қайта ұйымдастырылғанға немесе таратылғанға дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын уәкілетті органға жіберілген ақпараттың болуы туралы өзінің көрсетілген әрекеттерді жасау ниеті туралы талапты сақтау | Елеулі |
| 23 | Тарифті бекіту үшін өтініммен уәкілетті органға жүгіну бойынша талапты сақтау | Елеулі |
| | Бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітілген келесі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 24 | күнтізбелік жылға арналған тарифтік реттеудің шығынды әдісін қолдана отырып тарифті бекіту кезінде шығындары ескерілетін табиғи монополия субъектісі сатып алатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін жыл сайын 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде уәкілетті органға мәлімет үшін жіберу туралы талапты сақтау | Болмашы | |
| 25 | Тізбені және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды шешім қабылданған кезден бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсында орналастыру, ал өзінің интернет-ресурсы болмаған кезде – уәкілетті органға оның интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсыну туралы талапты сақтау | Болмашы | |
| 26 | Конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғанға дейін конкурстық комиссияның құрамын, конкурстық құжаттаманы және конкурстық комиссияның хатшысын бекіту туралы талапты сақтау | Болмашы | |
| 27 | Конкурстық комиссия мүшелерінің тақ саны және кемінде 3 (үш) мүшесінің болуы туралы талапты сақтау | Болмашы | |
| 28 | Конкурстық комиссияның құрамына табиғи монополия субъектісі қызметкерлерінің ішінен конкурстық комиссияға төрағаның, төрағаның орынбасары және мүшелерінің кіруі туралы талапты сақтау | Болмашы | |
| 29 | Конкурстық комиссия отырысының хаттамасында өндірістік немесе басқа да себептер бойынша конкурстық комиссияның отырысында конкурстық комиссия мүшелерінің қайсыбірінің болмау себебін көрсету талабын сақтау | Болмашы | |
| | Конкурстық комиссия хатшысының мынадай | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 30 | функцияларды жүзеге асыруы жөніндегі талапты сақтауы:<br>1) конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей порталда конкурс өткізу туралы хабарландыруды және конкурстық құжаттаманы жариялау;<br>2) конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау және уәкілетті органға оның интернет-ресурсында орналастыру үшін жіберу;<br>3) порталға ақпаратты орналастыру арқылы конкурс процесінің әрбір сатысы туралы, оның ішінде конкурс қорытындылары туралы конкурсқа қатысушыларды хабардар ету | Елеулі | |
| 31 | Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда конкурстық комиссияның отырысын өткізу туралы талапты сақтау | Елеулі | |
| 32 | Конкурстық комиссияның шешімін ашық дауыс беру арқылы қабылдау туралы талаптың сақталуы. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі | Елеулі | |
| | Конкурстық құжаттамаға мынадай мәліметтерді енгізу туралы талапты сақтау:<br>1) әлеуетті өнім берушінің мынадай талаптарға сәйкестігі туралы:<br>a) кәсіби біліктілікке ие болу;<br>b) сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарының болуы;<br>c) сатып алуды өткізу кезінде төлем қабілеттілігінің болуы, сондай-ақ оның қаржы-шаруашылық қызметі | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 33 | тоқтатыла тұрмаған және таратылуға жатпайды;<br>2) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын, тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, сапаға кепілдік беру мерзімдерін және (немесе) көлемдерін, тауарға қызмет көрсетуге, тауарды пайдалану шығыстарына сипаттай отырып, техникалық өзіндік ерекшелік, тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттары;<br>3) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің саны (көлемі);<br>4) сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жеткізу орны мен шарттары;<br>5) сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берудің талап етілетін мерзімдері;<br>6) төлем шарттары;<br>7) жұмыс тәжірибесінің болуы ( әлеуетті өнім берушіде лицензияның және (немесе) рұқсаттың болуы сатып алу нысанасы деп танылатын жағдайлардан басқа);<br>8) конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру әдісінің сипаттамасы;<br>9) конкурстық баға ұсынысының мазмұнына қойылатын талаптар, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасынан басқа, қосылған салық сомасы шегеріле отырып, оларды тасымалдауға және сақтандыруға, кедендік баждарды, салықтар мен алымдарды төлеуге арналған шығыстарды, сондай-ақ тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарында көзделген өзге де шығыстарды көрсету құны (бұдан әрі - ҚҚС); | Болмашы | |

| | | |
|---|---|---|
| | 10) конкурстық өтінімді, сатып алу туралы шартты жасау және ұсыну тіліне қойылатын талаптар;<br>11) әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі туралы ақпарат;<br>12) конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары , мөлшері, нысаны, мерзімдері;<br>13) әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімді өзгерту немесе кері қайтарып алу және оны конкурстық өтінімді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін қайта тапсыру құқығын және әлеуетті өнім берушінің табиғи монополия субъектісінің, конкурстық комиссияның, конкурстық комиссия хатшысының және техникалық сарапшылардың құқыққа сыйымсыз әрекеттеріне шағым жасау құқығын көрсету;<br>14) конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі;<br>15) әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттаманың мазмұны бойынша түсініктеме сұрататын тәсілдер;<br>16) табиғи монополия субъектісінің конкурс өткізу кезінде оны ұсынуға уәкілеттік берілген лауазымды адамдары туралы мәліметтер;<br>17) шарт жобасы | |
| 34 | Сатып алынатын тауарлардың ( жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) толық сипаттамасы мен талап етілетін функционалдық , техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларының мазмұны туралы талапты сақтау | Болмашы |
| 35 | Біртекті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді олардың біртекті түрлері және оларды жеткізу (орындау, көрсету ) орны бойынша лоттарға сатып алу жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурстық құжаттамада тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бөлу туралы талапты сақтау | Болмашы |
| | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 36 | Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің әрбір лоты бойынша конкурс жеңімпазын айқындау жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 37 | Конкурстық құжаттаманы түсіндіру бойынша әлеуетті өнім берушінің сұрау салуына жауап беру туралы талапты сақтамау және осындай түсіндіруді конкурстық өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерге сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жіберу бойынша талапты сақтау | Елеулі | |
| 38 | Өз бастамасы бойынша немесе әлеуетті өнім берушілердің сұрауларына жауап ретінде конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тарифтік сметаны және (немесе) инвестициялық бағдарламаны түзетуге және (немесе) табиғи монополия субъектісі сатып алатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбеден (бұдан әрі – Тізбе) алып тастауға байланысты конкурстың күшін жою конкурсының қорытындылары шығарылғанға дейін табиғи монополия субъектісінің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешім қабылдауы арқылы конкурстық құжаттамаға өзгеріс енгізу бойынша талапты сақтау | Болмашы | |
| 39 | Конкурстық құжаттама ұсынылған барлық әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттамаға өзгерістер туралы немесе конкурстың күшін жою туралы мәліметтерді хабарлау туралы талапты сақтау | Елеулі | |
| | Мынадай жағдайлар басталған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару туралы талапты сақтау:<br>1) осы әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 40 | ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін қайтарып алған жағдайларда ашу хаттамасын орналастырғанда;<br>2) конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қою арқылы жүзеге асырылады. Көрсетілген жағдай конкурс жеңімпазы деп айқындалған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;<br>3) әлеуетті өнім берушінің сатып алу туралы шартқа қол қоюы және оның сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі, сондай-ақ аванс сомасы ( бар болса)арқылы жүзеге асырылады | Болмашы | |
| | Конкурстық комиссияның конкурстық өтінімді қабылдамау және әлеуетті өнім берушіні мынадай негіздер бойынша конкурске қатысуға жібермеу жөніндегі талабын сақтау:<br>1) әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда енгізбесе;<br>2) конкурстық өтінім файлды ашу қатесімен ұсынылған ақпаратты қамтиды;<br>3) конкурстық өтінім ұсынылған немесе бұза отырып ресімделген құжаттарды қамтиды;<br>4) осы конкурстық өтінім конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап бермейді;<br>5) алынған (жіберілген) рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталады. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған кезде әлеуетті өнім беруші тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады;<br>6) әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 41 | қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге құқығын растайтын патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, басқа да құжаттардың электрондық көшірмелерін не электрондық құжат түрінде ұсынбауы;<br>7) әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада болуы белгіленген, сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін иелену бөлігіндегі талаптарға сәйкес келмеуі;<br>8) банкроттық не тарату рәсіміне жатады;<br>9) қосалқы мердігерлер туралы мәліметтер ұсынылған кезде әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жұмыстар ( көрсетілетін қызметтер) көлемінің үштен екісінен астамын жиынтығында қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға ) беруі;<br>10) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс органының тиісті құжатында бір теңге мөлшерінде және одан астам салық берешегі және міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек туралы мәліметтердің болуы;<br>11) банк немесе банк филиалы анықтамасының электрондық көшірмесінде әлеуетті өнім берушінің осы анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылатын міндеттемелерінің ең болмағанда бір түрі бойынша мерзімі өткен берешегінің болуы;<br>12) конкурстық құжаттама техникалық ерекшеліктің орнына сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттаманы қамтитын жағдайды қоспағанда, техникалық ерекшелікті ұсынбау;<br>13) әлеуетті өнім беруші тауарды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді | Елеулі | |

| | | |
|---|---|---|
| | көрсетудің үздік шарттарын, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің үздік сипаттамаларын ұсынған техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы;<br>14) анық емес ақпарат ұсыну фактісі анықталғанда;<br>15) әлеуетті өнім беруші осы конкурсқа (лотқа) қатысуға өтінім берген басқа әлеуетті өнім берушінің немесе табиғи монополия субъектісінің үлестес тұлғасы болып табылады;<br>16) конкурстың әлеуетті өнім берушісінің конкурстық баға ұсынысының бағасы конкурстың ( лоттың) мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сомадан асып түскен жағдайларда жүзеге асырылады;<br>17) соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 2 (екі) жыл ішінде оның табиғи монополия субъектісі алдындағы міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау фактісін растайтын заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;<br>18) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы демпингтік болып танылған жағдайларда жүзеге асырылады;<br>19) әлеуетті өнім беруші Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрса;<br>20) әлеуетті өнім берушінің қызметі тоқтатыла тұрса;<br>21) әлеуетті өнім берушінің басшысы, құрылтайшылары ( акционерлері) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген;<br>22) әлеуетті өнім берушінің атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болса және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган оларды борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізсе | | |
| 42 | Баға ұсынысын демпингтік деп тану туралы талапты сақтау:<br>1) тауарлар немесе жұмыстар бойынша ҚҚС-сыз Тізбеде сатып алу үшін көзделген сомадан 30 ( отыз) пайыздан астам төмен;<br>2) қызметтер бойынша ҚҚС-сыз Тізбеде сатып алу үшін көзделген сомадан 40 (қырық) пайыздан астам төмен | Елеулі | |
| 43 | Конкурстық комиссияның конкурсты (лотты) өтпеді деп тану туралы талабын сақтауы, егер:<br>1) конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдер болмағанда;<br>2) конкурсқа қатысуға 2 (екіден) аз өтінім берілсе;<br>3) егер конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмесе;<br>4) егер конкурсқа қатысуға бір әлеуетті өнім беруші жіберілген болса | Елеулі | |
| 44 | Егер конкурс өткізілмеді деп танылса, мынадай шешімдердің бірін қабылдау жөніндегі талапты сақтау:<br>1) конкурсты қайта өткізу туралы;<br>2) конкурстық құжаттаманы өзгерту және конкурсты қайта өткізу туралы;<br>3) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы.<br>Көрсетілген іс-әрекеттер табиғи монополия субъектісінің бірінші | Елеулі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрықтарымен ресімделеді | | |
| 45 | Қайталама конкурс өткізу кезінде конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей порталда хабарландыруды жариялау туралы талапты сақтау | Елеулі | |
| 46 | Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы талаптың сақтау:<br>1) конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдердің болмауы. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру жіберілетін әлеуетті өнім берушіні табиғи монополия субъектісі айқындайды;<br>2) конкурсқа қатысуға 2 (екіден) аз өтінім ұсынылған жағдайларда жүзеге асырылады. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру оның өтінімінде көзделген шарттарда конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіге жіберіледі және сатып алу туралы жасалған шарттың бағасы оның конкурстық баға ұсынысынан аспайды;<br>3) егер конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмеген болса. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру ең төмен бағамен конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіге жіберіледі;<br>4) егер конкурсқа қатысуға бір ғана әлеуетті өнім беруші жіберілген болса. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру оның өтінімінде көзделген шарттарда конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушіге жіберіледі және сатып алу туралы жасалған шарттың бағасы оның конкурстық баға ұсынысынан аспайды | Елеулі | |
| | Конкурстық комиссияның конкурстық комиссия қабылдамаған конкурстық | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 47 | өтінімдерді бағалау және салыстыру және ең төмен баға негізінде жеңіп шыққан конкурстық өтінімді айқындау жөніндегі талабын сақтау | Өрескел | |
| 48 | Конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасын порталда қалыптастыру және порталда орналастыру жөніндегі талабын сақтау | Елеулі | |
| 49 | Конкурстық комиссияның конкурстық өтінімдерді ашқан күннен бастап күнтізбелік 20 ( жиырма) күннен аспайтын мерзімде конкурс қорытындыларын шығармау, табиғи монополия субъектісінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурс қорытындылары туралы электрондық хаттаманы қалыптастырмау және порталға орналастыру туралы талабын сақтау | Елеулі | |
| 50 | Конкурс арқылы сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурс қорытындылары туралы хаттаманы ресімдеу жөніндегі талабын сақтамау, онда мынадай ақпарат болмауы:<br>1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атаулары мен қысқаша сипаттамасы;<br>2) конкурстық өтінімдер берген әлеуетті өнім берушілердің атауы және орналасқан жері;<br>3) конкурстық өтінімдерді ұсынған әлеуетті өнім берушілердің біліктілік деректері;<br>4) әрбір конкурстық өтінімнің бағасы және негізгі шарттары;<br>5) конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыруды баяндау;<br>6) конкурстық өтінімдер қабылданбаған жағдайда, оларды кері қайтару үшін негіздер;<br>7) әрбір лот бойынша конкурс жеңімпазының атауы мен орналасқан жері және жеңімпаз анықталған шарттар; | Елеулі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 8) екінші орын алған әлеуетті өнім беруші туралы;<br>9) егер конкурс нәтижесінде жеңімпаз анықталмаса, конкурстық комиссияның осындай шешім қабылдауы үшін негіздер;<br>10) конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы сұрау салулардың, оларға жауаптардың жинақталған мазмұны, сондай-ақ конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулардың жинақталған мазмұны;<br>11) сатып алу шартына қол қойылатын мерзім (бірақ конкурс жеңімпазы хабарламаны алған сәттен бастап он жұмыс күнінен аспайды);<br>12) сарапшыларды тарту туралы ақпарат;<br>13) Тізбеде көзделген осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сома | | |
| 51 | Конкурс қорытындысы шығарылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурс жеңімпазы ұсынған тауардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атауы мен бірлік бағасын көрсете отырып, конкурс жеңімпазына хабарламау және барлық қатысқан әлеуетті өнім берушілерге хабарлауды портал арқылы жіберу туралы талапты сақтау | Болмашы | |
| 52 | Конкурс қорытындыларына әсер ететін бұзушылықтар анықталған кезде шарт жасасу сәтіне дейін өткізілетін/өткізілген конкурста талапты сақтау:<br>1) қорытынды шығарылғанға дейін сатып алудың (лоттың) күшін жою;<br>2) қорытынды шығарылғаннан кейін оларды жою немесе қайта қарау талапты сақтау | Өрескел | |
| 53 | Сатып алуды (лотты) немесе олардың қорытындыларын жою туралы шешім бекітілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өткізілетін сатып алуға қатысқан тұлғаларды хабардар етпеу және | Елеулі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | өзінің интернет-ресурсында немесе уәкілетті органның интернет-ресурсында жариялау туралы талапты сақтау | | |
| 54 | Өзінің интернет-ресурсында орналастырмау, ал өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда порталға сілтемені көрсете отырып, сатып алу жүзеге асырылатын портал туралы ақпаратты уәкілетті органға өзінің интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсыну туралы талапты сақтау | Елеулі | |
| 55 | Конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын порталда конкурс өткізу туралы хабарландыруды орналастыру туралы талапты сақтау | Елеулі | |
| 56 | Конкурс өткізу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтерді көрсету бойынша талапты сақтау:<br>1) конкурстың нысанасы (егер конкурс нысанасына бірнеше лот кірсе, лоттардың атауы мен нөмірі );<br>2) табиғи монополия субъектісінің атауы және орналасқан жері;<br>3) әрбір лот бойынша сатып алынатын тауарлардың сипаттамасы, өлшем бірлігі, саны, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі, сондай-ақ әрбір лот бойынша техникалық ерекшеліктің электрондық көшірмесі;<br>4) әрбір лот бойынша тауарларды беру, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету мерзімдері әрбір лот бойынша тауарларды беру, қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау орны;<br>5) конкурстық құжаттама;<br>6) порталда конкурстық өтінімдерді ұсынудың басталу және аяқталу уақыты, сондай-ақ конкурстық өтінімдерді ашу күні мен уақыты; | Елеулі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 7) ҚҚС-сыз әрбір лот бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сома;<br>8) конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап әрбір лот бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасудың талап етілетін мерзімі;<br>9) әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысына сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бағасынан басқа, конкурстық құжаттамада көзделген өзге де шығыстарды ҚҚС-сыз енгізу қажеттігі туралы талап;<br>10) конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі | | |
| 57 | Қорытындылар хаттамасына қол қойылған күннен бастап 24 ( жиырма төрт) ай ішінде конкурс хабарландыруда көрсетілген конкурстық өтінімдерді ұсынудың аяқталу мерзімі өткеннен кейін ұсынылатын әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін, сондай-ақ анық емес ақпарат ұсынғаны үшін бас тартылған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін порталда орналастырмау туралы талаптарды сақтау | Елеулі | |
| 58 | Егер конкурстың әлеуетті өнім берушісінің конкурстық баға ұсынысының бағасы конкурстың ( лоттың)мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сомадан асып кетсе , ұсынылған конкурстық баға ұсыныстарын қабылдамау жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 59 | Әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін порталда конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде ашу жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 60 | Конкурстық комиссияның конкурстық өтінімдерді қарамау және конкурс өткізу туралы хабарландыруда белгіленген конкурстық өтінімдерді ұсыну аяқталған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей әрбір лот бойынша жеке әлеуетті өнім берушілерді конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешімдер қабылдау жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 61 | Мынадай ақпараттың мазмұнымен баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруды баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын порталда орналастыру туралы талапты сақтау:<br>1) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жоспарланған өткізу туралы – атауы, қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ талап етілетін көлемі, ақы төлеу шарттары, мерзімі, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны мен шарттары, жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім берушімен сатып алу туралы шарт жасасу мерзімі;<br>2) әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын ұсынуының басталу және аяқталу мерзімі туралы;<br>3) сатып алу туралы шарттың жобасы;<br>4) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын ҚҚС-ты есепке алмағанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін әрбір лот бойынша бөлінген сомалар туралы мәліметтер | Елеулі | |
| 62 | Порталда баға ұсыныстарын салыстырмау және ең төмен баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім берушіні айқындау туралы талапты сақтау | Өрескел | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 63 | Бірнеше әлеуетті өнім беруші ең төмен баға ұсынысын берген кезде баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарынан бұрын келіп түскен әлеуетті өнім берушіні жеңімпаз деп тану туралы талапты сақтау | Өрескел | |
| 64 | Егер:<br>1) сатып алу үшін бөлінген сомадан артық;<br>2) әлеуетті өнім беруші біреуден артық баға ұсынысын берсе, бұл ретте баға ұсыныстарын беру мерзімдері өткенге дейін бұрын жіберілген баға ұсыныстарын кері қайтарып алмаған болса, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын қабылдамау жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 65 | Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өтпеді деп тану туралы талапты сақтау:<br>1) 2 (екі) баға ұсынысынан кем ұсыну;<br>2) егер сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түскені үшін және әлеуетті өнім берушінің 1 (бірден) артық баға ұсынысын бергені үшін баға ұсыныстары қабылданбағаннан кейін 2 ( екеуден) кем баға ұсынысы қалған жағдайда | Елеулі | |
| 66 | Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілмеген сатып алу кезінде мынадай шешімдерді қабылдау туралы талапты сақтау:<br>1) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;<br>2) сатып алу шарттарын өзгерту және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;<br>3) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы.<br>Шешім сатып алу қорытындылары бекітілген күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылданады.<br>Сатып алу шешім қабылданған күннен кейінгі күннен бастап 5 ( | Елеулі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жарияланады | | |
| 67 | Әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталған және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары хаттамасына мынадай мәліметтерді енгізген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алу қорытындыларын шығару туралы талапты сақтау:<br>1) табиғи монополия субъектісінің толық атауы және пошталық мекенжайы;<br>2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу атауы;<br>3) баға ұсыныстарын ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін баға ұсыныстарын ұсынған әлеуетті өнім берушілердің толық атауы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), олар тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мәлімдеген бағалар;<br>4) ауытқу себептерін негіздей отырып, қабылданбаған баға ұсыныстары туралы;<br>5) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазы туралы;<br>6) екінші орын алған әлеуетті өнім беруші туралы;<br>7) сатып алу туралы шарт жасасу сомасы мен мерзімдері туралы | Елеулі | |
| 68 | Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары күнінен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде сатып алу жеңімпазына портал арқылы хабарлама жіберу туралы талапты сақтау | Елеулі | |
| | Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу, егер осындай біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 69 | айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, әлеуетті өнім берушілерде бар тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге, сондай-ақ біртекті тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге сатып алуды жүргізу туралы талапты сақтау. Бұл жағдайда баға шешуші шарт болып табылады | Елеулі | |
| 70 | Баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып, өнім берушіні таңдау тәсілін қолдану мақсатында қаржы жылы ішінде тауарлардың біртекті түрлерін сатып алудың жылдық көлемін бөліктерге бөлуге жол бермеу туралы талапты сақтау | Елеулі | |
| 71 | Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өтпеді деп тану жөніндегі талапты сақтау:<br>1) 2 (екі) баға ұсынысынан кем ұсыну;<br>2) егер сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түскені үшін және әлеуетті өнім берушінің 1 (бірден) артық баға ұсынысын бергені үшін баға ұсыныстары қабылданбағаннан кейін 2 ( екеуден) кем баға ұсынысы қалған жағдайда | Елеулі | |
| 72 | Ең төмен және бас тартылмаған баға ұсынысын берген әлеуетті өнім берушімен сатып алу шартын жасасу жөніндегі талапты сақтау | Өрескел | |
| | Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру бойынша талапты сақтау:<br>1) Ұсынылған баға ұсыныстары болмаған жағдайларда жүргізіледі. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру жіберілетін әлеуетті өнім берушіні табиғи монополия субъектісі айқындайды;<br>2) 2 (екіден) кем баға ұсынысы ұсынылған жағдайларда жүргізіледі. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру оның өтінімінде | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 73 | көзделген талаптарда баға ұсынысын берген әлеуетті өнім берушіге жіберіледі және сатып алу туралы жасалған шарттың бағасы оның баға ұсынысынан аспайды;<br>3) егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмесе. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру ең төмен бағамен баға ұсынысын берген әлеуетті өнім берушіге жіберіледі және сатып алу туралы жасалған шарттың бағасы оның баға ұсынысынан аспайды;<br>4) егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға бір ғана әлеуетті өнім беруші жіберілген болса. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру оның баға ұсынысында көзделген талаптарда баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушіге жіберіледі және сатып алу туралы жасалған шарттың бағасы оның баға ұсынысынан аспайды | Елеулі | |
| | Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру бойынша талаптарды сақтау:<br>1) егер конкурс немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылса;<br>2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалар, тарифтер бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;<br>3) сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтары бар тұлғадан немесе мемлекеттік немесе табиғи монополия субъектісі болып табылатын тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;<br>4) еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындауы салдарынан, оның ішінде | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 74 | аварияларды жою үшін төтенше жағдайлардың салдарларын оқшаулау және (немесе) жою салдарынан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;<br>5) өкілдік шығыстарға байланысты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;<br>6) мерзімді баспасөз басылымдарын қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық нысанда сатып алу;<br>7) сауда-саттықта (аукциондарда) өткізілетін мүлікті (активтерді) сатып алу:<br>сот орындаушылары;<br>оңалту және банкроттық рәсімі бойынша өткізілетін;<br>мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезінде;<br>8) егер біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;<br>9) барып-қайту жолын, тұрғын үй-жай жалдауды, көліктік қызмет көрсетуді, тамақпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, жұмыскерді қызметтік іссапарға жіберуге байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу;<br>10) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған тапсырыс берушіден біріздендіру, стандарттау немесе үйлесімділікті қамтамасыз ету мақсатында нақ сол өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қажеттілік туындаған кезде | Елеулі | |
| | Әлеуетті өнім берушіге портал арқылы жіберу туралы талапты сақтау, мынадай мәліметтерді | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 75 | қамтитын бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру:<br>1) табиғи монополия субъектісінің атауы және орналасқан жері;<br>2) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын, тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, сапаға кепілдік беру мерзімдерін және (немесе) көлемдерін, тауарға қызмет көрсетуге, тауарды пайдалануға арналған шығыстарға сипаттай отырып, техникалық ерекшелікті, тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарын қамтиды.<br>Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттама техникалық ерекшеліктің орнына бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы қамтиды. Бұл ретте мұндай сатып алу бойынша жұмыстарды орындау мерзімдері бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды орындау мерзімдеріне сәйкес келеді;<br>3) өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі;<br>4) тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны;<br>5) тауар берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің талап етілетін мерзімдері, ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасына кепілдік беру;<br>6) төлем талаптары және сатып алу туралы шарттың жобасы;<br>7) сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу шарттары, нысаны, көлемі және тәсілі; | Елеулі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 8) бір көзден алу тәсілімен өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомалар туралы мәліметтер;<br>9) әлеуеттің мынадай талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер:<br>a) кәсіби біліктілікке ие болу бойынша;<br>b) сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарының болуы;<br>c) сатып алуды жүргізу кезінде төлемге қабілетті, сондай-ақ оның қаржы-шаруашылық қызметі тоқтатылмаған және таратылуға жатпайды;<br>10) бір көзден алу тәсілімен сатып алу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өтпеді деп тану нәтижесінде жүзеге асырылатын, әлеуетті өнім берушінің қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну мерзімі.<br>Бұл ретте жіберілетін шақыру өтпеді деп танылған өткізілген сатып алу (конкурс, баға ұсыныстарын сұрату) шарттарына сәйкес келеді | | |
| 76 | Бір көзден сатып алуды жүзеге асыру кезінде порталда хаттаманы қалыптастыру бойынша талапты сақтау:<br>1) бір көзден сатып алу тәсілін қолдану негіздемесі;<br>2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы;<br>3) сатып алу шарты жасалатын әлеуетті өнім берушінің атауы және орналасқан жері және осындай шарттың бағасы | Болмашы | |
| | Мынадай жағдайларда бір көзден алу тәсілімен сатып алуды өтпеді деп тану туралы талапты сақтау: | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 77 | 1) егер бір көзден алу тәсілімен сатып алу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілмеген сатып алу қорытындылары бойынша жүзеге асырылатын жағдайды қоспағанда, әлеуетті өнім беруші табиғи монополия субъектісінің шақыруында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе;<br>2) егер әлеуетті өнім беруші бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысудан бас тартса.<br>3) егер әлеуетті өнім беруші ұсынылатын тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) сатып алу үшін бөлінген сомадан асатын баға ұсынса немесе тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сапасының нашарлауына не олардың санының және/немесе көлемінің қысқаруына әкеп соғатын техникалық ерекшелікті ұсынса | Елеулі | |
| 78 | Сатып алу қорытындылары шығарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде портал арқылы жеңімпазға шарт жобасын жіберу туралы талапты сақтау | Елеулі | |
| 79 | Жеңімпаздың, екінші орын алған әлеуетті өнім берушінің Шарт жобасына қол қою және оны ұсыну мерзімі өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шарт жобасын портал арқылы жіберу туралы талапты сақтауы | Елеулі | |
| 80 | Егер шарттың жобасы өзіне ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде екінші орын алған әлеуетті өнім беруші оған қол қоймаса және оны ұсынбаса, сатып алуды өтпеді деп тану туралы талапты сақтау | Елеулі | |
| 81 | Егер өнім беруші шартта белгіленген тәртіппен шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге шартты қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шарт жобасын портал арқылы жіберу туралы талапты сақтау | Елеулі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 81 | Егер шарттың жобасы өзіне ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде екінші орын алған әлеуетті өнім беруші шартқа қол қоймаса және оны ұсынбаса және (немесе) шартта белгіленген тәртіппен шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, сатып алуды өтпеді деп тану туралы талапты сақтау | Елеулі | |
| 83 | Өнім берушіні хабардар ету порталы арқылы жіберілген авансты орындауды қамтамасыз ету мөлшерін шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына қарай сатып алу туралы шартта көзделген орындалған міндеттемелерге бара-бар азайту жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 84 | Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өнім берушіге авансты қамтамасыз ету сомасын (болған кезде) қайтару туралы талапты сақтау | Елеулі | |
| 85 | Өнім беруші шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда, енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын төлеу фактісі анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде авансты қамтамасыз ету сомасын (болған кезде) қайтару туралы талапты сақтау | Елеулі | |
| 86 | Сатып алу туралы шарттың жобасына не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін ( өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және (немесе) өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты енгізуге жол бермеу туралы талапты сақтау | Елеулі | |
| | Тауарды қабылдау-беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету актісінің жобасын өнім беруші алған күннен бастап 10 (он) жұмыс | | |

| | | |
|---|---|---|
| 87 | күнінен кешіктірмей дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, актіде шарт бойынша ақпаратты толтырмау және оған қол қою не тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қабылдаудан бас тарту жөніндегі талапты сақтау | Елеулі |
| 88 | Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасының талаптарын сақтамау бойынша расталған бір шағымның немесе өтініштің болуы | Елеулі |
| 89 | Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасының талаптарын сақтамау бойынша екі немесе одан да көп расталған шағымдардың немесе өтініштердің болуы | Өрескел |
| 90 | Бақылау субъектілеріне ( объектілеріне) бармау арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдарды белгіленген мерзімде орындамау | Өрескел |

Табиғи монополиялар
(әуежайлар мен аэронавигация
қызметтері) салаларындағы
субъектілердің және баға
белгілеу тәртібі мен қоғамдық
маңызы бар нарық (әуежайлар
қызметтері) субъектісі
міндеттерінің сақталуына
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
2-қосымша

## Бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде Қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібі мен міндеттерін сақтаудың талаптарын бұзу дәрежесі ( әуежайлар қызметтері)

| № | Талаптардың атауы | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өндіру (өткізу) көлемдері, кірістілік деңгейі және өндірілетін (өткізілетін) тауарлардың (жұмыстардың, | Болмашы |

| | | |
|---|---|---|
| | көрсетілетін қызметтердің) босату бағалары туралы есепті айдан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей ай сайын ақпарат беру туралы талапты сақтау | |
| 2 | Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті ұсыну туралы талапты сақтау | Болмашы |
| 3 | Қоғамдық маңызы бар нарықтарда өткізілетін тауарлардың ( жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасы шекті бағадан аспай-ақ, өздігінен төмендеген немесе көтерілген кезде, бағаның төмендеу немесе жоғарылау себептерін көрсететін ақпаратты уәкілетті органға ұсыну туралы талапты сақтау | Елеулі |
| 4 | Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың шекті бағадан жоғары алдағы көтерілуі және олардың өсу себептері туралы ақпаратты арттыру себептерін растайтын негіздеуші материалдарды ұсына отырып, кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын электрондық нысанда беру туралы талапты сақтау | Елеулі |
| 5 | Шекті бағада ескерілген, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді), оның ішінде тұтынушылардың жекелеген топтарының тұтыну көлемдерінің асып кетуі нәтижесінде алынған кіріс туралы жартыжылдық ақпаратты есепті жарты жылдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы талапты сақтау | Болмашы |
| 6 | Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарламаның орындалғаны не орындалмағаны туралы жартыжылдық ақпаратты есепті жарты жылдан кейінгі | Болмашы |

| | | |
|---|---|---|
| | айдың 25-күнінен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы талапты сақтау | |
| 7 | Алынған және шекті бағаларда ескерілген инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға пайдаланылмаған кірісті тікелей тұтынушыларға не тұтынушылардың толық тізбесін белгілеу мүмкін болмаған жағдайда алдағы кезеңге шекті бағаның деңгейін төмендету арқылы қайтару туралы талапты сақтау | Өрескел |
| 8 | Шекті бағаны негізсіз асырып жіберу нәтижесінде алынған кірісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган осындай фактіні анықтаған кезден бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей тікелей тұтынушыларға не тұтынушылардың толық тізбесін белгілеу мүмкін болмаған жағдайда алдағы кезеңге шекті бағаның деңгейін төмендету арқылы қайтару туралы талапты сақтау | Өрескел |
| 9 | Уәкілетті органның ведомствосы айқындаған күннен бастап тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағаны белгілеу туралы талапты сақтау | Елеулі |
| 10 | Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісілген тауарлардың ( жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) шекті бағасынан асырмау туралы талапты сақтау | Өрескел |
| 11 | Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) әрбір түрі бойынша шығындарды бөлек есепке алуды жүзеге асыру туралы талапты сақтау | Елеулі |
| | Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізетін субъект қызметінің белгілі бір түріне жататын | |

| | | |
|---|---|---|
| 12 | шығындарды айқындау көзделетін жанама әдістер негізінде өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) түрлері бойынша шығындарды субъектінің жалпы шығындарындағы кірістердің (көлемдердің, өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығындардың) үлес салмағы бойынша бөлу туралы талапты сақтау тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) түрлері бойынша шығындарды бөлек есепке алу туралы талапты сақтау | Болмашы |
| 13 | Жария тыңдаулар өткізілгенге дейін жария тыңдаулар қатысушыларының талап етуі бойынша тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың жобаларын, тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың көтерілу себептері туралы ақпаратты ұсыну туралы талапты сақтау | Елеулі |
| 14 | Қазақстан Республикасының қоғамдық маңызы бар нарықтар саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамау бойынша расталған бір шағымның немесе өтініштің болуы | Елеулі |
| 15 | Қазақстан Республикасының қоғамдық маңызы бар нарықтар саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамау бойынша екі немесе одан да көп расталған шағымдардың немесе өтініштердің болуы | Өрескел |
| 16 | Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармау арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша аңықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдарды белгіленген мерзімде орындамау | Өрескел |

Табиғи монополиялар
(әуежайлар мен аэронавигация
қызметтері) салаларындағы
субъектілердің және баға
белгілеу тәртібі мен қоғамдық
маңызы бар нарық (әуежайлар

қызметтері) субъектісі
міндеттерінің сақталуына
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
3-қосымша

## Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі

Табиғи монополиялар (әуежайлар мен аэронавигация қызметтері) салаларында Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес

Әуежайларға және "Казаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қатысты

| **Р/с №** | **Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші** | **Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көзі** | **Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл (барлығы 100 баллға дейін болуы тиіс), wi** | **Шарттар / мәндер, xi** | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1-шарты / мәні | 2-шарты / мәні | 3-шарты / мәні | 4-шарты / мәні |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | | | |
| Бару арқылы профилактикалық бақылау үшін | | | | | | | |
| 1 | Бекітілген тарифтік сметаның орындамау | бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 100 | 0 | 1 факт | | |
| | | | | 0% | 100% | | |
| 2 | Бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындамау | бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 100 | 0 | 1 факт | | |
| | | | | 0% | 100% | | |

Табиғи монополиялар
(әуежайлар мен аэронавигация
қызметтері) салаларындағы
субъектілердің және баға
белгілеу тәртібі мен қоғамдық
маңызы бар нарық (әуежайлар
қызметтері) субъектісі
міндеттерінің сақталуына
тәуекел дәрежесін бағалау

өлшемшарттарына
4-қосымша

**Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі**

Баға белгілеу тәртібі мен қоғамдық маңызы бар нарық (әуежайлар қызметтері) субъектісі міндеттерінің сақталуы саласында

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес

Әуежайларға қатысты

| **Р/с №** | **Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші** | **Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көзі** | **Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл (барлығы 100 баллға дейін болуы тиіс), wi** | **Шарттар / мәндер, xi** | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1-шарты / мәні | 2-шарты / мәні | 3-шарты / мәні | 4-шарты / мәні |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | | | |
| Бару арқылы профилактикалық бақылау үшін | | | | | | | |
| 1 | Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісілген тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) шекті бағасынан асыруы тексерулер саны | бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері | 100 | 0 | 1 факт | | |
| | | | | 0% | 100% | | |

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
м.а. 2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 103 мен
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрі міндетін

атқарушының
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 665 бірлескен бұйрыққа
2-қосымша

**Тексеру парағы ____________________________________________**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 27.06.2023 № 467 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.06.2023 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің
____________табиғи монополиялар салаларындағы (әуежайлар мен аэронавигация қызметтері)_________________________________________________
138-бабына сәйкес

Әуежайларға және "Казаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қатысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы

Тексеруді/ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _______________
_________________________________________________________________________

Тексеруді/ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындау
туралы акт _______________________________________________________
№, күні

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы ___________________
___________________________________________________________________________

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____________________________________________
_________________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы ___________________________________________
_________________________________________________________________________

| **№** | **Талаптар тізімі** | **Талаптарға сәйкес келеді** | **Талаптарға сәйкес келмейді** |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Бекітілген тарифтік сметаның орындау туралы талапты сақтау | | |
| 2 | Бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау туралы талапты сақтау | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | Тарифті бекіту туралы ақпаратты ол қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей тұтынушының назарына жеткізу | | |
| 4 | Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу туралы талапты сақтау | | |
| 5 | Үлгі шарттарға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне тұтынушылармен жеке шарттар жасасу туралы талапты сақтау | | |
| 6 | Тұтынушыларды тариф, оның өзгеруі туралы хабардар ету туралы талапты сақтау | | |
| 7 | Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің әрбір түрі бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізудің әзірленген және бекітілген әдістемесінің болуы туралы талапты сақтау | | |
| 8 | Реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну және қайта ұйымдастыру немесе тарату үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға уәкілетті органның келісімінің болуы туралы талапты сақтау | | |
| | Тариф бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | ұсыну бойынша талапты сақтау | | |
| 10 | Тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметке қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну туралы талапты сақтау | | |
| 11 | Реттеліп көрсетілетін қызметтің талап етілетін көлемін беру үшін қажетті табиғи монополия субъектісінің бос және қолжетімді қуаттары, орындары болмаған жағдайларды қоспағанда, тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметке қол жеткізу туралы талапты сақтау | | |
| 12 | Тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну басталған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу туралы, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну тоқтатылған кезде одан алып тастау туралы күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей өтінішпен уәкілетті органға жүгіну жөніндегі талапты сақтау | | |
| 13 | Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып тарифті бекіту кезінде жыл сайын есепті кезеңнің 1 (бірінші) мамырынан кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органға, есепті жылы нақты қол жеткізілген табыстар, шығыстар, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа көрсеткіштері мен сенімділігінің сақталуы, табиғи монополиялар | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | субъектілерінің қызметі тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерді ұсынуға қойылатын талапты сақтау | | |
| 14 | Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыруы туралы уәкілетті органға қызмет жүзеге асырылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберілген хабарламаның болуы туралы талапты сақтау | | |
| 15 | Мерзімді баспасөз басылымында жария тыңдауларды өткізу күні мен орны туралы хабарландыруды жариялау туралы талапты сақтау, сондай-ақ жария тыңдауларға қатысушылардың талап етуі бойынша ұсыну:<br>1) тариф пен тарифтік сметаның жобасы;<br>2) экономикалық негізделген есептеулері бар тарифтің өзгеру себептері туралы ақпарат | | |
| 16 | Бос қуаттар туралы ақпарат бергені үшін ақы алмау туралы талапты сақтау | | |
| 17 | Тұтынушылар алдында есеп жүргізгенге дейін бір ай бұрын уәкілетті органды хабардар ету туралы талапты сақтау | | |
| 18 | Тұтынушылардың талап етуі бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтің тарифі, сапасы, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну шарттары туралы ақпарат беру туралы талапты сақтау | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 19 | Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектісінің алдағы уақытта есеп жүргізуі туралы хабарландыруды жариялау туралы талапты сақтау - аптасына кемінде бір рет шығарылатын және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында, ол өткізілгенге дейін кемінде 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей | | |
| 20 | Тариф, оның өзгергені туралы ол қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей уәкілетті органға хабарлау туралы талапты сақтау | | |
| 21 | Тоқсан сайын резерв, табиғи монополия субъектісінің бос және қолжетімді қуаттарының, сыйымдылықтарының, орындарының болуы туралы ақпарат табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсында орналастыру не ол болмаған жағдайда уәкілетті органның интернет-ресурсында орналыстыру үшін жолдау туралы талапты сақтау | | |
| 22 | Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісінің қайта ұйымдастырылғанға немесе таратылғанға дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын уәкілетті органға | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жіберілген ақпараттың болуы туралы өзінің көрсетілген әрекеттерді жасау ниеті туралы талапты сақтауы | | |
| 23 | Тарифті бекіту үшін өтініммен уәкілетті органға жүгіну бойынша талапты сақтау | | |
| 24 | Бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітілген келесі күнтізбелік жылға арналған тарифтік реттеудің шығынды әдісін қолдана отырып тарифті бекіту кезінде шығындары ескерілетін, табиғи монополия субъектісі сатып алатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін ( бұдан әрі – Тізбе) жыл сайын, 31 (отыз бірінші) желтоқсанға дейінгі мерзімде уәкілетті органға мәлімет үшін жіберу туралы талапты сақтау | | |
| 25 | Тізбені және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды шешім қабылданған кезден бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсында орналастыру, ал өзінің интернет-ресурсы болмаған кезде – уәкілетті органға оның интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсыну туралы талапты сақтау | | |
| 26 | Конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғанға дейін конкурстық комиссияның құрамын, конкурстық құжаттаманы және | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | конкурстық комиссияның хатшысын бекіту туралы талапты сақтау | | |
| 27 | Конкурстық комиссия мүшелерінің тақ саны және кемінде 3 (үш) мүшесінің болуы туралы талапты сақтау | | |
| 28 | Конкурстық комиссияның құрамына табиғи монополия субъектісі қызметкерлерінің ішінен конкурстық комиссияға төрағаның, төрағаның орынбасары және мүшелерінің кіруі туралы талапты сақтау | | |
| 29 | Конкурстық комиссия отырысының хаттамасында өндірістік немесе басқа да себептер бойынша конкурстық комиссияның отырысында конкурстық комиссия мүшелерінің қайсыбірінің болмау себебін көрсету талабын сақтау | | |
| 30 | Конкурстық комиссия хатшысының мынадай функцияларды жүзеге асыруы жөніндегі талапты сақтауы:<br>1) конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей порталда конкурс өткізу туралы хабарландыруды және конкурстық құжаттаманы жариялау;<br>2) конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау және уәкілетті | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | органға оның интернет-ресурсында орналастыру үшін жіберу ;<br>3) порталға ақпаратты орналастыру арқылы конкурс процесінің әрбір сатысы туралы, оның ішінде конкурс қорытындылары туралы конкурсқа қатысушыларды хабардар ету | | |
| 31 | Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда конкурстық комиссияның отырысын өткізу туралы талапты сақтау | | |
| 32 | Конкурстық комиссияның шешімін ашық дауыс беру арқылы қабылдау туралы талаптың сақталуы. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі | | |
| | Конкурстық құжаттамаға мынадай мәліметтерді енгізу туралы талапты сақтау:<br>1) әлеуетті өнім берушінің мынадай талаптарға сәйкестігі туралы:<br>a) кәсіби біліктілікке ие болу;<br>b) сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарының болуы;<br>c) сатып алуды өткізу кезінде төлем қабілеттілігінің болуы, сондай-ақ оның қаржы-шаруашылық | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 33 | қызметі тоқтатыла тұрмаған және таратылуға жатпайды;<br>2) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын, тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, сапаға кепілдік беру мерзімдерін және (немесе) көлемдерін, тауарға қызмет көрсетуге, тауарды пайдалану шығыстарына сипаттай отырып, техникалық өзіндік ерекшелік, тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттары;<br>3) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің саны (көлемі);<br>4) сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жеткізу орны мен шарттары;<br>5) сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берудің талап етілетін мерзімдері;<br>6) төлем шарттары;<br>7) жұмыс тәжірибесінің болуы (әлеуетті өнім берушіде лицензияның және (немесе) рұқсаттың болуы сатып алу нысанасы деп танылатын жағдайлардан басқа);<br>8) конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру әдісінің сипаттамасы;<br>9) конкурстық баға ұсынысының мазмұнына | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
